

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 наурыздағы N 369А қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 14 қазан N 1120. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.09.04. N 835 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Жоспардан тыс салықтық және бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдері Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына есепке алынатын шикізат секторы ұйымдарының тізбелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 наурыздағы N 369А қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген жоспардан тыс табыс салығы Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына аударылатын шикізат секторы ұйымдарының тізбесінде:

тақырыбында "жоспардан тыс" деген сөзден кейін "корпоративтік" деген сөзбен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 134, 14-жолдармен толықтырылсын:

"134 "БП Қазақстан Лимитед" компаниясы;
14 "Статойл Қазақстан А.С." компаниясы".

2. Осы қаулы 2002 жылғы 1 тамыздан бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*